

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
14 қараша, 2025 жыл

**Астана, 2025**

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»** көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

## МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз .....	3
Құттықтаулар .....	5

### Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені .....	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама .....	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы .....	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы .....	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları .....	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері .....	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri .....	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики .....	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде) .....	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы .....	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы .....	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

### 1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты .....	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай .....	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні) .....	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі .....	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық .....	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры .....	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар .....	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру .....	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет .....	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері .....	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы  
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері .....	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист .....	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында .....	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері .....	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде) .....	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы .....	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор .....	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері  
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде) .....	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек .....	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida) .....</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini .....</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары .....</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері .....</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері .....</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері) .....</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы .....</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы .....</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде) .....</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер .....</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты .....</i>	366

қамы үшін, «бір жапырақ қағаз» үшін біреуді алдап-арбап, болмаса жағынып жүретіндер жоқ деп кесіп айту да қиын екенін мойындаймыз.

Дегенмен «Ғылым ордасы, өнер ордасы – ақыл, ар ордасы. Бұл ордаларға тек ардан туған, арман қуған адам кіруге тиіс. Ақыл, ар ордаларының есігін ашқан әр адам тек ақылға ақыл, арға ар қосуға ғана келуі шарт. Масқара ғып, халықтың ғасырлар бойы көз шарасындай сақтаған кіршіксіз арына аз да болса зақым келтіретіндер ар ордасының маңына жүрмеуі керек» [6; 246],- екендігін ұмытпағанымыз абзал екенін ескереміз.

Қаламгер Нығмет Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романы 1996 жылы Қазақстан Жазушылар одағының «Алаш» әдеби сыйлығымен марапаталды. Оқырманның биік бағасын алған көркем туынды кейіпкерлері, оқиғасы шынайы өмірден алынды. Кеңес кезеңінде әділдік туын биік ұстаған, ғылым жолын мұрат етіп, сол бағытта қиындықтарға төзе білген бас кейіпкердің образы – бүгін де көпке үлгі болатын күрескер бейне. Роман сонысымен де оқырманын тауып, өнеге сыйлайтын шығармалар қатарынан табыла береді деп білеміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нығмет Ғабдуллин: Қаламгер, ғалым, педагог (профессор Нығмет Ғабдуллиннің туғанына 80 жыл толуына арналған Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары). – Алматы: «Ценные бумаги» баспасы, 2009. – 229 бет.

2. Нығмет Ғабдуллин. Қақтығыс// Социалистік Қазақстан. – 1987. – 29 желтоқсан.

3. Бауыржан Омарұлы. «Біздің жігіт» оқырман қауым назарына // Жас Алаш. – 1994. – 29 қазан.

4. Мағауин М. Шығармалар жинағы: он үш томдық. 1960-2002 ж. – Алматы: Қағанат – ҒМО баспасы, 2002 – Бірінші том. Әуелгі әңгімелер. Тазының өлімі. Қара қыз. Көк мұнар. Бір атаның балалары. 1960 – 1973. – 549 бет.

5. Ғабдуллин Н. Біздің жігіт: Роман. – Алматы: Балауса, 1993. – 208 бет.

6. Қабдолов З. Біз жанбасақ... Дилогия. Алматы, Жазушы, 1974. – 440 б.

## **С.А. ҚАСҚАБАСОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫ**

*Жанбота КАРИПБАЕВ*, PhD, Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті  
кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан

Академик Сейіт Асқарұлы Қасақабасовтың отандық фольклортану ғылымына қосқан үлесі орасаң зор. Ғалым өзіне дейін назар аударылмай келген фольклор салаларына алғаш назар аударып, жекелеген жанрлардың қазақ фольклорында да бар екенін анықтап, олардың нақты сипаттамасын жасады.

Оның «Казахская волшебная сказка» мен «Казахская несказочная проза» атты еңбектерінде ғалым, мыңдаған фольклорлық материалдарға тиянақты теориялық талдау жасап, ұқыпты пайымдау негізінде нақты жанрлық ерекшеліктерін анықтап, жанрлар табиғатын ашып көрсете алды. Осы орайда әдебиеттанушы С. Абдрахмановтың: «Қазақ фольклор тану ғылымын С.А. Қасқабасовқа дейінгі және одан кейінгі фольклортануға бөлуге болады», ал фольклортанушы Ш. Ибраевтың: «Сейіт Асқарұлы отандық фольклор танудың арнасын әлемдік фольклортану ғылымына қарай бет бұрғызды. Сол тұста ғылымда орныққа қасаң советтік-идеологиялық талаптардан шеттеп, нақты ғылыми-антропологиялық негіздерді арқау еткен зерттеулерге қарай бет бұрды», деген сөздері, С.А. Қасқабасовтың аталмыш еңбектерінен жаңа отандық фольклортану дәстүрі қалыптаса бастағанын көрсетеді.

С.А. Қасқабасов қазақ фольклорындағы ертегілік және ертегілік емес прозаға жататын жанрлардың бөлек салалар екенін, әсіресе ертегілік проза жанрлары жататын қазақ фольклорында да бар екенін анықтап, алғаш ғылыми сипаттама жасады. Айталық ғалым: «Если жанры казахской народной прозы классифицировать по функциям, которые они выполняли раньше, т.е. в период их активного бытования, то их можно будет разделить на две большие группы. Одну группу составляют жанры с явной эстетической (и воспитательной) функцией. Сюда входят все разновидности сказки, притча и отдельные легенды; все это художественная фольклорная проза. Вторую группу составляют жанры выполняющие неэстетическую функцию. Сюда относятся бытовой рассказ, миф, быличка и предание, т.е. все несказочные жанры. Это нехудожественная проза» [1, 198], деп жіктейді. Мұнда ол қзіне дейін фольклортануда белең алған идеологиялық принциптерден бас тартып, көркем-эстетикалық принциптерді негізге алады. Егер осында сөз етілген фольклордың эстетикалық жанрлар ілгері жасалған отандық зерттеулерде қарастырылып келген болса, эстетикалық емес жанрлар мүлдем назарға алынбай келген болытын. Осы «Казахская несказочная проза» еңбегінде академик-ғалым: «Что касается произведения несказочной прозы, то исполнители и слушатели не воспринимают их, как художественные, поскольку их главная целевая установка – дать слушателям информацию по истории рода и племени или сообщить какое-то знание о небесных светилах, горах, мифических героях, т.е. «оказать» слушателям практическую помощь. Поэтому в подобных произведениях не ставится цель красочного поэтизированного и гиперболизированного рассказа. Наоборот. Здесь события излагаются просто, без прекрас и этим самым несказочные произведения, как бы приближаются к устной беседе» [1, 198], деп фольклордағы эстетикалық емес жанрларда ортақ ақпараттық сипаттын анықтады. Осында академик-ғалым тек қазақ фольклорлық прозаға жататын жанрлардың бұрын сонды түбегейлі зерттелмеген мәселелерін сөз етіп, бірқатар орыс ғалымдарының фольклорлық прозаның сипаттамасына байланысты ізденістерін сөз ете келе, өзге түркі халықтарындағы тәжірибесінде есепке ала отырып, прозалық жанрларға қойылатын талаптарды толықтай қамтитын ғылыми сипаттамасын жасады. Сол еңбегінде: «Специфика фольклора любого народа обусловлена жизнью и бытом

народа, его общественным и культурным развитием. Вот почему прозаические жанры русского и казахского фольклора не совпадают в семантическом и терминологическом отношении» [1, 227], деп қазақ фольклорын зерттеген кезде орыс фольклор жанрларына жасалған сипаттамалар келмейді деген тұжырым жасайды. Сол тұстағы отандық фольклортанушылар мен әдебиеттанушылардың тарапынан фольклордың прозалық жанрларына сипаттама жасау тәжірибелерін талдай келе, олардың барлығында миф жанрының басқа прозалық жанрлармен қатар айтылатынын сөз етіп, миф жанрына айрықша назар аударған, қазақ мифінің табиғатына тән ерекшеліктерін айқындап, осы жанрдың архайкалық типтерін анықтап, қазақ мифтерін типтендіру негізінде сипаттамысын жасаған. С.А. Қасқабасов мифті жекелеген жанр ретінде ғана айқындап қана қоймай, мифке қатысты мифологиялық сана мен уақыты, мифологиялық ойлау мен түсінік сынды категорияларды байланыстыра отырып қарастырды. Бұл өз заманы үшін жаңа көзқарас, жаңа ғылыми ұстаным болды деуге болады. Мифтің төңірегінде белгілі болған сипаттамаларға теориялық терең талдау, сонымен қоса мифтердің мәтіндерін қатар талдй отырып, сол мұраның туғызған халық санасын, ғасырлар бойы халық жадында жаңғырту арқылы сақталған қадірлі сөзін, өзіне тән дара ойлау жүйесін, ортақ түсінік қалыптастыру арқылы ұлттық мифтің ерекшеліктерін түсіндіре білді. Мифті халық қиялының жемісі қоршаған ортаны, дүниені танудың әдісі ретінде ретінде қарастырды.

Осы тұстан академик-ғалым С.А. Қасқабасовтың бір ерекше қырына назар аударған дұрыс. Ол тіршілігінде: «Мен жай фольклортанушы емеспін, мен фольклордың «носителімін». Айталық космологиялық «Темір қазық пен Жеті қарақшы», «Ай мен Күн», «Үркер» туралы мифтерді бала кезімде нағашы атамнан естіп өстім. Әсіресе, соғыстан кейінгі жылдары анам мен нағашы атама мал айдап бағысқан кезде, талай рет түнгі далада ашық аспан астында қонып жүрдік. Сол түндерде шалқадан жатып алып, атамның түнгі аспандағы жұлдыздар туралы қолымен көрсетіп отырып, атамның айтқан әңгімелерінің барлығы делік космологиялық мифтер. Ал мен сол миф, эпсана, аңыз, ертегі, қисса-дастандарды мен біліп өстім. Сондай тірі фольклорлық ортада фольклорлық сана қалыптасты, енді сол сананың иесі ретінде, өзімді де қатар зерттеймін», деуші еді. Жасынан зерек болған Сейіт Асқарұлы жастық шағынан фольклорды жақсы білетін отбасында тәрбие алуы, өміріндегі айтарлықтай ерекшелігі деуге болады. Көптеген зерттеушілер фольклорды тек мәтін ретінде ғана таниды, олар соны айтушы фольклорлық ортада өспеген, олар фольклорды асылынан – айтушыдан тікелей естіп, өспеген. Қарап тұрсаңыз фольклорды зерттеу үшін ол қажетте еместе көрінуі мүмкін. Ал Сейіт Қасқабасовтың фольклорды алғаш тану тәжірибесі фольклорлық ортаның ішінен басталуы, кейін оның ұлт фольклорына оның өзінің ішінен қарап зерттеуге мүмкіндік берді. Бұл академик ғалымның үлкен артықшылығы болды. Осы орайда ол: «Все казахские мифы о звездах, Солнце и луне, как бы они фантастичны ни были, своеобразно отражают скотоводческую жизнь народа» [1, 261], деп, соның ішінде өз өмірінің тәжірибесімен ұштастыра отырып, салмақты пайымдау жасаған.

Жалпы қазақ мифтерін С.А. Қасқабасов: аспан денелері туралы (космогониялық), аңдар мен құстар жөнінде (этиологиялық), адамдар мен рулардың шығу тарихы жайында (гениологиялық) [2, 85], эсхатологиялық мифтерге бөледі [3, 4]. Әрине мифке байланысты зерттеулер ғалым-академик тарапынан бір сәтте де тоқтаған емес. Әр кезеңде ол ұлттық мифтің жекелеген түрлеріне сипаттама беру, оларды дәуірлеу мәселелеріне байланысты зерттеулері жалғасын тауып жатты. Айталық, оның «Қазақ мифі және әлемдік мифология» атты зерттеуінде, ғалым мифтерді олардың типіне қарай тиісті кезеңдерге бөлу тәжірибесін ұсынады. Мифтің қоғамдық формация мен діни ұстанымдардың өзгеруіне қарай өзгеріске ұшырап, мифте басқа фольклорлық проза жанрларына өзгеріске ұшырау арқылы ауысқанын анықтаған.

Егер академик-ғалым фундаменталды монографиялық зерттеулерде фольклорлық прозаның салаларына тұтастай сипаттама жасап, мифті фольклорлық прозаның жеке жанры ретінде жалпы қарастырған болса, жекелеген шағын зерттеулерде қазақ мифологиясын әлемдік мифология контекстінде қарау, мифологиялық сананың сатыларына жатқыза отырып қарастыру негізіндегі ізденістері одан әрі жалғасын тапты. Айталық, оның «Рух-иелік мифология» зерттеуінде Австралия мен Океания халықтары мен көптеген басқа да халықтардың рулық-тайпалық архаикалық мифологиялық санасы туғызған архаикалық мифологиялық санадан бастап, қазақтың рулық-тайпалық санасы туғызған мифтермен салыстыру негізінде тиісті типологиялық талдаулар жасап, олардың пайда болу, даму заңдылықтарын сана деңгейінде түсіндіруге қадам жасайды. Егер осыған дейін фольклорлық туындының сюжеті мен мотивінің негізге ала отырып жекелеген жанрларға жатқызылған болса, енді жекелеген жанрлардың адам санасында туу себеп-салдарын тарихи-әлеуметтік, мәдени-антропологиялық талдаулар негізінде айқындап көрсеткен. Рух иелік мифологияны іштей ол: адаммен табиғатпен теңдігі және адамның табиғаттан даралығын сынды сананың даму сатыларына бөліп қарастырды. Мифологияның адамзат санасының өсуін аса архаикалық мифтерді анықтаудан бастап, одан кейінгі адам, аңдар мен жануарлар, аспан, жер, жұлдыздар және тағы басқа жаратылыстарға байланысты мифтерді дәуірлете отырып, әлемдік мифология контекстінде шолу жасай отырып, түсінуге жетелейді. Адамзаттың әр қоғамдық даму сатысына орай мифтің де даму үрдісін көрсеткен. Ежелгі қазақ мифтерінегі жасампаз қаһармандарды анықтап, қазақ қоғамының ілгері дамуы, оның рулық-тайпалық формациялық кезеңнен құл иеленуші формациясынан аттап өтіп, феодалдық қоғамда жасампаз қаһарманның бірде Жалғыз Жаратушы, ал кей жағыдайда жағымсыз кейіпкерге айналдырылып отырған.

Оның «Миф пен әпсананың тарихилығы» зерттеуінде: «Миф – фольклордың ең көне жанры, тіпті, фольклордың төркіні десе болады» [3, 55], деп мифтің тарихилығын: «Мифтік сана мен ойлаудың өзі – тарихи заңды кезең. оны аттап, айналып өту мүмкін емес. Ол барлық елдің тарихында болған жағдай. Олай болса, мифтік сана, мифтік ойлау дегеніміздің өзі – тарих, яғни фольклордың алғашқы дәуірі» [3, 55-56], деп мифті – соны жаратушы адамның санасы мен ойлау қабілеті деңгейі ретінде қарастырады. Осы зерттеуде қазақ

фольклорындағы Қорқыт пен Асан Қайғы туралы әңгімелер мысалында көне шамандық мифтің ортағасырлық феодалдық дүниетанымның ықпалымен эпсанаға айналуын тарихи-типологиялық негізде айқын көрсеткен. Осы орайда, С.А. Қасқабасовтың қазақ мифологиясына байланысты зерттеулерін шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады:

- алғашқы кезең – фундаменталды монографиялық зерттеулерде, дара жанрлар ретінде алып көрсету кезеңі деп алауға болады. Бұл зерттеулерде мифтің басқа фольклор жанрларының дамуына қосқан үлесі, оның өзге прозалық жанрлардың ішінде бой көрсетуі, жекелеген архаикалық нұсқаларының сақталған формаларын айқындаумен байланысты болды;

- екінші кезең – жекелеген зерттеулер аясында мифке қатысты категориялар мен тарихи даму кезеңдерін санасының даму тарихымен байланыстыра отырып, дүниені танудың құралы ретінде қарастырып, оның жекелеген түрлерінің мазмұндарының негізінде адамзат санасының дамуының қаншалықты дамығанымен байланыстыра отырып зерттеу жасаған;

- үшінші кезең – мифке байланысты жекелеген мәселелерді жеке тақырып аясында зерттеу кезеңі.

Егер алғашқы екі кезең советтік кезеңде жарияланған еңбектермен байланысты болса, үшінші кезең ғалым өмірінің тәуелсіздік жылдарында жасаған зерттеулерімен байланысты болып келеді.

Үшінші кезеңге назар аударатын болсақ, осы жылдары С.А. Қасқабасовтың жасалған зерттеулері Мәскеуде 2022 жылы жарыққа шыққан «Живая вода бытия. Миф, сказка, эпос в мироздании казахов» кітабында жарияланғанын атап өтуге болады. Осы жинақтағы «Как сотворен мир (Или о мифе как жанре фольклора)» зерттеуінде: «Казахские мифы, обнаруженные нами в составе устной народной прозы, по всем своим основным компонентам, близки к охарактеризованному классическому мифу. В них обнаруживаются (конечно не в чистом архаическом) следы древнего мифологического сознания, мифического времени, различных мифологических представлений и понятий. В казахском мифе можно найти проявление двух ступеней в развитии мифологического сознания, представления о модели космоса, о созидательной деятельности первопредка, противопоставления человека и природы, объяснения повадок зверей, птиц и т.д.» [4, 51], деп мифтің шығу, даму, құлдырау арқылы басқа жанрларға ауысу себеп салдары айқындай түсті. Грек, Рим, Мысыр, Үнді сынды классикалық мифологияны қалыптастыру қадамы Түркі қағанаты тұсында жасалғаны және ол мифология кейін ыдырап, жаңа қоғам талабына сай басқа формаға немесе бастапқы мағынасын ауыстыру арқылы жаңа түрінің пайда болуы теориялық негізде пайымдалады.

Осы кітапты «О демонах, албасты и жезтырнаках» зерттеуінде қазақ демонологиясындағы кейіпкерлерге назар аударылады. Фольклордағы демонологиялық бейнелер қоғамның трансформация барысында рулық-тайпалық патриархалды қоғамда қалыптасқан «жасампаз қаһармандар», құл иеленушілік кезеңді басынан өткізбей бірден феодалдық формацияға өтіп кетуіне байланысты әдепкі «жасампаз қаһармандар» - «құдайларға» ауысып

үлгере алмай, ал ислам дінін қабылдауна байланысты, бұрынғы орман иесі – Сөрел, су иесі – Үббе, қамыс пен ну иесі – Жезтырнақ сынды кейіпкерлер демонологиялық бейнеге ауысып кеткен дейді. Сол негізде бұрынғы мифологиялық бейне хикая сынды ауыз прозасының жеке жанрына айналу процесін талдап көрсетеді. Ал ғалым-академиктың осындағы в «Поисках бессмертия (о мифологической семантике легенды о Коркуте)» зерттеуінде: «Что касается сказания о Коркуте, бегущем от смерти, то они, судя по симантическому содержанию и сюжетно-композиционному оформлению еще не являются подлинно художественными. В них, несмотря на их позднюю фиксацию, отчетливо видны следы мифологического творчества первобытной эпохи, в частности, древнего мира, повествующего о путешествии шамана (или неофита) в иной (потусторонний) мир или по Вселенной за душой тотема, предка или злого духа. Об этом же говорят четко поступающие через поздние признаки мифологического понимания мироустройства и образ самого Коркута, в котором проглядываются черты культурного героя архаических мифов» [4, 117], деп Қорқыт туралы қазақ аңыздарының негізінде мифологиялық мотивтердің төрт мың жылдық тарихы бар Гильгамеш эпосындағы мотивтермен ұқсастығы, екі туындының да сол өз заманында өмір сүрген тарихи тұлғадан көрі көне бақсылық сарындар арқылы саұталып келіп, көркем-эстетикалық негізде жинақы мифологиялық бейне – өркениет жасаушы тұлға, ілкі ата ретінде таниды. Себебі, Қорқыт алғаш қобыз аспабын жасаушы, алқаш қобыз сарымен жыр толғаушы ретінде белгілі. Осындай негіздер оның бейнесіне мифологиялық бейне ретінде қарауды қажет ететін аңғарған.

Әлбетте, академик С.А. Қасқабасовтың мифологияға байланысты зерттеулері осымен шектелмейді. Оның соңғы жылдағы ұсыныстырының бірі алғашқыда ежелі кейін архаикалық эпос деп аталып жүрген «Зарлық-Мұңылық» сынды жырларды мифологиялық эпос деп атауды ұсынуы да, салмақты ұсыныс деуге болады. Себебі, «Зарлық-Мұңылық» жырының сюжеті толықтай мифологиялық мотивтерден құралған. Онда тотемдік аң –киіктің адамды құтқаруы, мыстан сынды демонологиялық кейіпкерлердің әрекеті сынды оқиғалар орын алады. Мұнда миф туындыны көркемдеуші құрал ретінде пайдаланылады, сонымен бірге мифологиялық құбылу өзінің бастапқы сипатын да толық жоғалпай сақтайды.

С.А. Қасқабасовтың тәуіелсіздік жылдарындағы миф туралы зерттеулері фольклорлық прозаның басқа жанрларын зерттегенде де бой көрсетіп отырды. Айталық, «Сказка и реальность» зерттеуінде, қазақ ертегілерінде ілгеріде жасалған зертеулерін толықтырып, жанр ара байланыстарды жаңа қырларын көрсетеді. «Ертөстік» ертегісіндегі қиял-ғажайып бірұатар құбылушылықтарды, ежелгі бақсылық сарындармен ежелгі бақсылық иннициациялармен байланыстырып, мифпен таныммен байланыстырады. Кейінгі фольклор жанрларын қарастырған кезде оларды ішіндегі мифологиялық детальдерге үлкен мән беріледі. Оның сюжеттік мағынасын емес, ең алдымен симантикалық мағынасына мін беру үлгісін көрсетеді.

Академик-ғалымды ұлттық мифологиялық мектептің негізін салушы деп баға беруге толық негіз бар. Себебі, С.А. Қасқабасовқа дейінгі зерттеулерде миф ауызекі деталдарда жай ғана сөзетілсе, енді барлық фольклор жанрының қисынын мифтен іздеу үрдісі қалыптасты. Бұл үрдіс тек фольклористика мен әдебиеттануда ғана емес, жалпы әдеби шығармашылықтың жаңа салалары мифологиялық-реализм сынды бағыттардың дамуымен қатар келді. Сонымен бірге, мифологияны зерттеудің тек салыстырмалы ғана емес, тарихи, мәдениеттанулық, семантикалық, жүйелілік, антропологиялық, психологиялық әдістері дамуын тапты. Академик С.А. Қасқабасов ұлттық антропологиялық мектептің ғана емес, ең алдымен мифология мектептің де негізін қалаушы деп айтуға толық негіз бар.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.3. Фольклорная проза казахов. Избранные исследования. Астана: Фолиант, 2014. – 424 с.
2. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.1. Фольклорная проза казахов. Избранные исследования. Астана: Фолиант, 2014. – 320 с.
3. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.2. Фольклорная проза казахов. Избранные исследования. Астана: Фолиант, 2014. – 344 с.

### АКАДЕМИК С.А. ҚАСҚАБАСОВ: АБАЙ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

*Аслан АЛИМБАЕВ*, PhD, Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті  
кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан

Әлем халықтарының әдебиеттануымен біте қайнасып дамып келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымының өткені мен бүгінгі зерттеліп, әлемдік рухани дүниенің ажырамас бір бөлігі ретінде орын алды. Ғылым бір орында тұрмайды, дамып жаңа көзқарастармен толығып, өзгеріп тұрады. Әдебиеттану ғылымы да заман көшінен қалмай қарыштап дамып, жаңа көзқарастармен тұжырымдалып, толығып келеді. Адамзаттың қалай пайда болғанын, олардың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін оқытатын әдебиеттің бір саласы – фольклор. *Фольклортану* (ағылш. *folk* – халық, *lore* – даналық) – халық даналығын зерттейтін ғылым [1.371].

Қазақ фольклорының зерттелуіне орасан зор үлес қосқан, бүгінгі мақаламызға арқау болып отырған фольклорист ғалым – Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың «Абай және фольклор» ғылыми-зерттеу еңбегі. Ғалым фольклористика саласында көптеген зерттеу еңбектер жазған, атап айтар болсақ, «Казахская волшебная сказка» (1972), «Қазақтың халық прозасы» (1984), «Родники искусства» (1986), «Колыбель искусства» (1990), «Казахская сказочная проза» (1992), «Абай және фольклор» (1995), «Золотая жила» (2000), «Жаназық» (2002), «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу. Қыз Жібек. Қазақтың ғашықтық жырлары» (2003), «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (2005), «О